егемен
Қазақстан

# КЕШЕДЕН ЖЕТКЕН ӨЛМЕЙТІН СӨЗ



Жанат ЕЛШІБЕК,
халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.





Өткен ғасыр... Тоқсаныншы жылдардың басы... Желтоқсан жарасы жазыла қоймаған... Үркектеп, басылып қалған газет ұжымы басылым тізгінін Шерхан Мұртаза ұстаған күннен бастап еңсесін тіктей бастады. Жоғарыға жалтақтап, әркімнің көңілін аулаған «СҚ» беделінің төмендегені рас. Мінеки, осы олқылықтың орнын тездетіп толтыру үшін, Бас редакторымыз журналистерге айрықша талап қойды.

– Шөпті де, шөңгені де жаза бермей, тек оқырман сусап отырған тақырыптарды көтерген дұрыс. Өткір сын мақалалар мен толғақты мәселелерді әр қырынан көрсететін сараптамалық материалдар қажет. Қоғамның, өмірдің, керек десеңіз жеке адамның бойындағы келеңсіз кінәраттарды қанын сорғалатып жазуымыз керек. Әрине, ұрда-жық ұрыншақ мақалаға орын жоқ. Әділеттің, ақиқаттың ақ жолынан аттауға болмайды. Бұра тартып, солқылдақтық танытсақ, құр даңғазаға бой алдырсақ газетті ешкім қадірлемейді. Ең алдымен, осыны білгеніміз жөн. Әйтпесе, өзіміз ауыздан тастамайтын «қара шаңырақтың» абыройын көтере алмаймыз. Сонымен қатар біздің басылымның төл оқырмандарының талап-тілегін ескеріп, ұсыныстарына құлақ асқанымыз абзал. Жақсы әңгімелер, ойлы өлеңдер керек... Әңгімеге бергісіз көркем очерктер мүлдем жоғалып кетті ғой өзі... Сонда, немене, біздің собкорлар очерк жазуды тоқтатқан ба? Бұ қалай, Кеңесхан мырза? Облыстағы жігіттерің очерк жаза алмаса неғып отыр?.. Онда орындарын босатсын...

– Шераға, қолда жақсы очерктер бар, – деді редактордың сөзін бөлген меншікті тілшілер бөлімінің меңгерушісі Кеңесхан Зәкенов шырылдап.

– Бар болса, қайда? Соңғы аптадағы үш-төрт нөмірде жұрт сүйсініп, жата қалып оқитын ештеңе жоқ. – Лездемені жүргізіп отырған Шерағанның қабағы бұрынғыдан бетер қатулана түскен. Алдындағы газет тігіндісін олай бір, бұлай бір сапырған. – Түк те көрінбейді. Оқырмандардан ұят. Тәуір дүниелер тапшы. Жоқ, бұлай қол қусырып отыра алмаймыз. Жатпай-тұрмай, өліп-өшіп жұмыс жасаңдар. Тілшілерге арқа сүйеп, айға қарап отырмай өздерің де жазыңдар. Жақсы материал беріңдер... Басқа ештеңе сұрамаймын. Кәне, қоржындарыңды қарап көріңдер. Оқылатын мақалаларды тартпаларыңа тықпай, шығарсаңдаршы...

Тықырдың таянғанын сезгендер орындарынан бірінен соң бірі түрегеліп, қолдарында барларын айтып, мазмұнын таныстыра бастады. Көңілі көншімеген бастық қабағы ашылмаған қалпы, әдебиет бөлімінің меңгерушісі Аян Нысаналинге жанар тоқтатқан.

– Аян мырза, сен неге үндемейсің, – деді қыжыра салқын дауыспен. – Оқылатын, жұрттың ойынан шығатын бірдеңе бар ма?

– «Жансарай» бетін дайындап жатырмыз. Қадыр Мырзалиев пен Иран-Ғайыптың өлеңдерін ұсынамыз таяудағы нөмірлерге, – деді Аян қолындағы бір жапырақ қағазына үңіліп...

– Әңгіме жоқ па?

– Бар, Шераға. Екі-үшеуі түскен сияқты. Әлі қарап үлгермедім. Айтпақшы, Шераға, запаста, теруде екі жақсы очерк жатыр. Соларды тездетіп берейікші. Оқылады, тамаша...

– Авторлары кімдер?..

– Біреуі Байекендікі... Қызылордадағы тілшіміз Әбдіразақов жазған. Адамгершілік, имандылық тақырыбы. Тәуір дүние. Екінші автордың аты-жөні есіме түспей тұр... Жаман емес секілді. Кезінде Ғабең – Ғабит Мүсірепов көркем очерктерін әдеби басылымдардан гөрі «Социалистік Қазақстанда» жарияланғанын ұнатқан ғой. Очерктерді көбірек берген жөн... Соңғы уақытта онша мән бермей жүрміз...

– Жарайды. «Алтын пышақ қап түбінде жатпайды». Жақсыларын жариялаймыз. Әлгінде айттым, очерк көркем шығармадай оқылуы тиіс. Байжігіт Әбдіразақов очеркті өте жақсы жазады. Оның қаламынан шыққан кез келген очеркі көркем әңгімедей оқылатын. «Жұлдызда» отырғанымда арнайы заказбен бірер дүниесін шығардым. Жаңылмасам оның «Сандалкөк» дейтін повесі де біздің журналда жарияланды-ау деймін. Жап-жақсы жазушы болатын жігіт еді. Өзін байқаймын, газет әбден жеп тастаған тәрізді. Мен келгелі тұщымды нәрсесін көрмедім. Жаңағы Нысаналин айтқан очеркін тура ертеңгі нөмірге жоспарлаңдар. Секретариат, кәнеки, қадағалаңдар. Жылтыраған қылаңы бар дүниелерді баспаханада сүрлемей, газет бетінен көрейік...

Қашанғы әдетінше лездемені ұзаққа созбай, қысқа қайырып, нақты тапсырмаларын шегелеген Шераған оқылатын материалдардың нобайын көргендей, риза-хош кейпін жасыра алмады.

– Босқа су сапырып, мыжи бермейік. Газетіміздің беделін ойлайықшы. Оқырман алдында ұялмас үшін, бәріміз құлшына жұмыс жасайық...

Тәуелсіздіктің алдындағы аласапыран жылдары Бас газеттің орынтағына отырған Шераған аз уақыттың ішінде басылымның беделі мен мәртебесін әжептәуір биікке көтерді. Аса өткір де, өте шетін тақырыптарды батыл қозғай алатын журналистік ұжымды жасақтады. Қазақи қалпымызды қалыптастырып, ұлттық қасиеттеріміз бен салт-дәстүрлерімізді қастерлеуге үндейтін тың мәселелер қаузап жазыла бастады. Ең бастысы, қатып-семген, сыңғыған «СҚ» атын «Егемен Қазақстан» деп өзгертті. Айтпағымыз бұл да емес. Қай газет-журналды басқармасын Мұртаза өзіне ғана тән қолтаңбасы мен стилін даралауға ұмтылды. Соның бірі – қарулас қаламгерлеріне деген құрмет пен ықылас. Осынау ойды мен негізгі әңгіме ауанына орай жаңғыртып отырмын. Өйткені, талапшыл да талғампаз, кез келген жазарманның жазғанына көңілі тола бермейтін үлкен ұстаз қаламгерлерді сирек мақтайды. Ал өзіміздің әріптесіміз Байжігіт Әбдіразақов туралы білдірген жылы лебізі менің миымда шегенделіп қалыпты.

«Таңғы шықты» сапырған сайын бір шаңырақта ондаған жыл бірге қызмет істеген Байжігіт ағаның алып тұлғасы көз алдыма көлбеңдей береді. Өте бойшаң, ірі денелі, екі иығына екі адам отыратындай еңгезердей зор. Мінезі де, әрекет-қылығы да кесек. Өзін жыға танымасам да, газет бетіндегі материалдары арқылы біршама білемін. «Лениншіл жастан» ауысып, «СҚ»-ға бөлім меңгерушісі боп келіп жатқанымда құттықтап, телефон соққандардың бірі осы Байжігіт аға еді. «Жанатжан, халің қалай? Үлкен газетке келіп жатыр екенсің, сәттілік тілеймін. Мен Қызылордадағы меншікті тілшілерің боламын. Жақында Алматыға барғанда жақсылап танысамыз...» Иә, көп ұзамай редакцияда өткен меншікті тілшілердің дәстүрлі басқосуында Байекеңмен ежелгі танысымдай қауыштық.

Жыл сайынғы жиында он тоғыз облыстан құрақ ұшып келген меншікті тілшілер басшылық пен шығармашылық ұжым алдында есеп беріп, атқарған жұмыстарының бағасын естиді. Бірбеткей томаға, жүріс-тұрысы нық, әр сөзін салмақтай түйіп айтатын Байекең еңсесін әрдайым тіп-тік ұстайтын. Бұл маңғаз мығымдықтан өзіне, өз ісіне деген сенімділік айқын байқалатындай. Ретті тұста қыстыра кетейін, облыстардағы тілшілердің арасынан маған қызылордалық Байжігіт Әбдіразақов, қарағандылық Еркеш Ебікенов (Ибраһим), шымкенттік Алтынбек Жолдасбеков, талдықорғандық Сейдахмет Мұхаметшин, көкшетаулық Баян Нұрпейісов, торғайлық Сабыржан Шүкіров, өскемендік Мұқан Әбуғалиевтер алғашқы жүздесуден-ақ ерекше әсер қалдырды. Өр тұлғаларымен, өзіндік журналистік қолтаңбаларымен...

***

Екі-үш мәрте оқығам. Бәз-баяғы әсердемін. Бұлай деуімнің жөні бар. Кейбір әңгімелерді араға біраз уақыт салып, қайталап көз жібергенде әуелгі ой-пікіріңнің құбыла түсуі ғажап емес. Оның себеп-салдары көп. Мәселенки, жас жазушылар жинағындағы «Ашу үстінде» атты әңгіменің авторы Байжігіт Әбдіразақов екенін көргенде бір түрлі аңырып қалғаным шын. «Өзіміздің Байекең жазыпты. Бұған дейін неғып байқамағанмын...» Әдепкіде мән бермеген әңгімені сыни көзбен оқып шықтым. Жоқ, қателеспеген сияқтымын. Қорғасындай шымыр туынды. Қызуқанды басталған әңгіме кейіпкерінің эмоциясы оқиғаның шиеленісе түсетінінен хабар жеткізгендей:

«– Айтамысың, жоқ па! Орыс қызын алады деген не сөз?!

– Рас еді, әке.

– Жоғал әрман, тумай туа шөккір! Он бес жыл оқығанда осы ма еді көрсетер әуселең! Естимісің әй, кемпір, не деп отыр мына шірік!

– Қоя қойшы, Сәтжанның көкесі, триек ішкен адамдай мұншама тулап не көрінді саған.

– М... м... алжыған... сен де орысқа шоқынған балаңа болысайын деген екенсің! – Ашулы қарт кереге басындағы сегіз өрім қамшыны алып тұра ұмтылды. Батсайы апай есіктен зыта жөнелгенде сарт еткен қамшы шыт көйлектің етегін бөліп түсірді...»

Тас-талқан боп ашуланған Қарабек ақсақал не істерін білмей, арлы-берлі теңселіп жүріп алады. Қабағы қатуланған ол шоқша сақалының ұштарын жымқырып тістеген күйі үн-түнсіз ойланады. Ер жетті, оқыды-тоқыды, азамат болды деген ұлының байламды қылығына бас шайқай береді. Баласының бетінен қақпаған шешесінің емеуріне де қаны қайнайды-ай. Бурадай шабынған қарт құдайға да тіл тигізеді. Күңіренген қалпында тоқтаған шешімін інісі Мұқашқа сездіреді. «Айт ана кемпірге, мен енді қыс бойы келмеймін. Айт ана балаға, бұл жаққа аяғын аттап баспасын. Теріс оқығыр, теріс қарай кетсін!».

«Астапыралла» деп жағасын ұстаған інісіне «өшір үніңді» деп жекіген беті алды-артына қарамай, жуан торысына мініп жөнеледі.

«Ашу – дұшпан, ақыл – дос». Қарабек қарт аяқ астынан қатты ауырып ауруханаға түседі. Сырқатының түрі жаман. Түнеу күні бір үйір жылқымен боранда қалып, үш күн ығады. Ауылдың бас көтерер үлкен-кішісі шапқылап жүріп, өлім аузында жатқан жерінен әрең тауып алады. Ауыл дәрігерлері облысқа жібереді. «Екі аяғы бірдей үсіген, операция жасамаса болмайды, тездетіп облысқа жеткізу керек». Әйтеуір, сәтін салып, дер кезінде ота жасалады. Операцияны білікті дәрігер Зоя Николаевнаның өзі атқарып, сырқаты меңдеген қарияға айрықша мейірімін төгеді. «Аяғым қозғалмай мүлдем семіп қала ма?» деп үрейленген Қарекең жас дәрігер қыздың ықыласпейілімен-ақ жазылып кетердей сезінеді. Күн санап оңала бастайды. Жазушы одан кейінгі оқиғаны төмендегіше сипаттайды:

«... Әңгіме тағы да Зоя туралы болды: Зоя Николаевна кішіпейіл адам. «Жас та болса білімдар». «Қолының жеңілін айтсайшы». «Жаңадан келсе де көппен ұғынысып кетті».

Сол жұрт мақтаған Зоя тағы да келді.

– Тәуірмісіз, ата?

– Шүкір, тәуірмін, қызым. Ұйқым да түзелді.

– Аяғыңыз да түзеледі. Бір жұмадан кейін балдаққа сүйеніп жүретін боласыз. Қоң етіңізден біраз шығын болды, оқа емес, бітісіп кетеді әлі.

Дәрігерден укол қабылдап, жақсы лебіз естіп, көңілі тыншыған Қарекең ұзақ ойға кетті: «Орыс дейміз-ау, мына қыз қазақтан зият. Мінез десең мінез бар, көрік десең көрік бар. Үстіне шұрқырап түсіп тұрғаны мынау. Жасаған иең де бұлай жарылқамас. Ай, наданшылықтай, анада Сәтжанға бекер тіл тигізген екенмін. Кім біледі, келін бала да осындай бибатпа шығар».

Осы ойдың үстінде жатып Қарекең ұйықтап кетті. Түсінде шприц ұстаған қыз «тәуірмісің, ата», дейді, «тәуірмін» дейді Қарекең. Өз сөзінен өзі шошып оянғанда аяғы қозғалып кетті. «Құдайға шүкір, аяғым бар екен ғой» – деді ол күбірлеп».

Б.Әбдіразақов – жинақтағы ең сақа автор. Орда бұзар отыздан асқан. Кітапқа қамтылған жиырма шақты қыз-жігіттердің дені жиырма беске толмаған жастар. Өмірден жиған-терген тәжірибелері мен түйгендері аз. Албырт та, балғын қаламның кей тұстарда алақұлалыққа ұрынып жататыны жасырын емес. Композиция құрылысындағы селкеулік, оқиға өрбітудегі сылбырлық, жалаң дидактикаға бой алдыру, ең ақыры тіл қолданудағы орашолақ жағдайлардың кездесіп қалатыны бар. Бірақ, шеберлік шыңдай келе түзеуге болатын мұндай кемшіліктерге тесіліп үңілмедік. Тырнақалды туындылардың болар-болмас кінәраттарын теруді мақсат етпедік. Ақиқи ойымызды өресі биік, қағілез оқырманымыз аңғарған болар.

Бұл жағынан зерделегенде Байжігіт қаламының қуаты бөлекше. Ең бастысы, ол қазақтың қара сөзін еркін меңгерген. Құнарлы тілмен сөйлеуге машық. Біз көбіне аңғармай жатамыз. Орынды-орынсыз шығармаларымызға кітаби тілді тықпалап әуреміз. Әрине, стильді қалыптастырып, образды айбарландыра түсуде тілдің атқарар рөлі жоғары. Осы орайда әйгілі сөз зергері, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтің тіл толғағы төңірегінде атақты «Авгейдің ат қорасынан бастайық» деген жанайқайында тебірене айтқандары ойға оралады: «Тіл сөйлеу-сөйлеу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біріне көңіл аудармау ең үлкен қылмыс». Ғабеңнің жүрек түкпірінен шыққан қарапайым қағида қай кезде де, қай уақытта да, қай дәуірде де өз мәнін әлсіретпейді.

Байжігіт аға қаламы сөздерден өрнек салуға, тың теңеулер түзуге бейім. Характерлер мінезін барлауда диалогтарды шебер пайдаланады. Адамгершілік тақырыбын өзек еткен әңгіменің түйіні де сәтті шешілген. Кәне, авторлық шешімге үңілейікші:

«...Саттар ғой мынау, жаным-ау!». Сол-ақ екен Қарекең сүріне-қабына ұмтылды.

– Сәтжан!

– Әке!

Қарекең еңкілдеп қоя берді. – Жалғызым, жарығым келдің бе!

– Ау, сізді елде «батыр аға» деуші еді. Мұныңыз жарамады, әке, – деп күлді Саттар.

– Сәтжай-ай, менен не сұрайсың, қартайған соң адам баладай босаң болады екен да. Қайтейін... Айналайын, мына қызым әйтеуір, тажалдан арашалап қалған қызым осы ғой.

– Қызыңыз болмай, келініңіз болса қайтер едіңіз?

– А... Не дейсің? – Қарекең Зояға таңдана қарап тұрып қалды...»

Жазушы бөстеки ділмарлыққа бармай, көпсөзділікке ұрынбайды. Оқиғаны шиеленістірмей қақтығысқа бармайды. Әке мен бала арасындағы өкпе-реністі ушықтырмай, нақты іс-әрекет арқылы өзгеше кілтін табуға көңіл аударады. Жоғарыдағы үзік-үзік эпизодтардан қаламгер ізденісін байқау қиын емес. Әңгіменің басты қаһарманы Қарабек әкенің, Қарекең қарттың образы, ішкі күйзелісі мен қуанышы алақандай туындыда психологиялық кейіпте келісті көрсетілген.

Жазу мәнер-машығы қалыптасқан, ойы маздақ, қаламы жүрдек очеркистің көркем әдебиеттегі олжасы саналатын «Ашу үстінде» әңгімесі сәтті дүниелер қатарына жатады. Байжігіт Әбдіразақов кейінірек «Сандалкөк» кітабын шығарды. Өңкей көркем әдеби туындыларының басын біріктірген жинаққа «Көзімнің қарасы» повесі мен бірнеше әңгімелері кірген. «Пікір қақтығысы» күнделік-жазбасында осы кітабы хақында Байжігіт аға бүйдепті: «Сандалкөк» – менің өмірбаяным. Қаны сорғалаған шындықтың айқын айғағы». «Жазушы» баспасынан 1974 жылы жарық көрген кең тынысты хикаяты мен әңгімелерін оқушы қауымның жылы қабылдағаны мәлім. Автордың ауыл өмірін, атбегілік өнердің қыры мен сырын жақсы білетін, қарапайым қыр қазақтарының мінез-құлқын тамыршыдай сезетін қасиеттері қайран қалдырмай қоймайды.

Бір қызығы тұңғыш әңгімесі мен «Сандалкөктің» арасында бақандай он жыл жатыр. Демек, газеттің күнделікті қым-қуыт қара шаруасынан Байекеңнің таза әдеби шығарма жазуға табандап отыра алмағанын көреміз. Әдеби ортадан шалғайлау жүрген қаламгер көкеміз жыл аралатып Алматы баспаларынан очерктер жинақтарын шығарғанын қанағат тұтқан секілді.

Бұл турасында белгілі журналист, сатирик жазушы Өтеген Жаппархан былай дейді:

– Жазушы, журналист Байжігіт Әбдіразақовты ертеден білемін. Адамгершілігі биік, мінезі өте салмақты, тұйықтау. Қабілетті, тума талант. Бізді «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті) шығармашылық жағынан бұрынғыдан да жақындата түсті. Мен бұрынғы Жезқазған облысында, ол Сыр өңірінде меншікті тілші болдық. Ондаған жылдар бойы қалам майданында қатар тер төктік. Кейінірек зейнеткерлікке шыққан Байекеңнің орнына Қызылорда облысына ауыстым. Сонда бастығым, халқымыздың үлкен жазушысы Шерхан Мұртаза айтып еді. «Өтеген мырза, сенің қолыңнан жазу келеді. Сын-сықаққа, фельетонға жақынсың. Тіліңнің егеуі бар. Сөйтсе де сен Байжігіт Әбдіразақов биігін аласартпа. Ол жақсы жазушы. Саған да сондай табыс тілеймін. Сөздің қадірін білетін сүлейлер елінде меншікті тілші болу – жауапты мәртебе». Шерағаңның осы талабынан табылу үшін, шынын айту керек, Байекеңе ұқсауға тырыстым...

Ал қызылордалық жазушы Айжарық Сәдібекұлы қаламдас әріптесі туралы ағынан жарыла әңгіме өрбіткен:

– Белгілі журналист Ұзақ Бағаевтың 1962 жылы Қызылорла облыстық «Ленин жолы» газетінің редакторы болып келуі осы басылымның бағын ашты. Ұзекең газеттің тізгінін бес жылдай ұстады. Оның Сыр бойындағы журналистік қызметі өлкеміздің мәдени өмірінде ерекше құбылысқа айналды. Аймақ айнасы аз уақытта түлеп сала берді. Бірер жылдың бедерінде кеуделі басылымға айналды. Сол жылдары мен Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінде істейтінмін.

Бірде облысқа С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин бастаған ақын-жазушылар тобы келе қалған ғой. Олар редакцияда болған. Әңгіме барысында: «Газеттеріңіздің тілін көркем шығарманың тіліне айналдырыпсыңдар», деген көрінеді. Жерлес қаламгерлеріміз Ә.Тәжібаев, Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамеджанов, Ә.Жәмішев, Ә.Жұмабаев, Н.Серәлиевтер, сондай-ақ газет редакциясында болған Ә.Шәріпов, Ә.Нұршайықов, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, Р.Тоқтаров, Т.Бердияров сынды ағалар да: «Газеттеріңізді «Қазақ әдебиетін» оқығандай оқимыз» дейтін.

Міне, мұның бәрі, айналып келгенде, Ұзекеңнен дарыған үлгі-өнегенің сабақтастығынан еді. Үлкен шыңдалу мектебінен өткен Ұзекең Сыр бойына келісімен газетті қара мақалалар қаптаған қарабайырлықтан арылтуды ойластырып, жер-жердегі очерк, әңгіме, өлең жазатындарды назарына ала жүреді. Аралдан мәдениет қызметкері Арзымбек Мәдединовты фототілшілікке шақырады. Қазалыдан облыстық «Ленинский путь» газетінің екі аудан бойынша тілшісі болып жүрген Зұлқарнай Сақиев пен аудандық «Ленин туы» газетінен Байжігіт Әбдіразақовты, облыстық радиодан Сақтаған Есмахановты, Дархан Сапаровты және Қомшабай Сүйенішевті қызметке тартады. Сөйтіп қаламының желі бар қабілетті де, қағілез де ұшқыр журналистер ұжымы жасақталды.

Байекеңнің журналистік екінші тынысы «СҚ»-да ашылды. Бұрқыратып жазды, тұщымды очерктерді бірінен соң бірін қоздатты. Айтпақшы, бас газетке меншікті тілшілікке ұсынған ардақты ұстазы Ұзақ Бағаев екен. Бірде «Социалистік Қазақстанның» редакторы Кеңесбай Үсебаев Сыр өңіріне іссапармен келгенде: «Қызылорда облысы бойынша тілшілікке қаламы жүйрік жігіт керек», дегенде, Ұзекең ойланбастан, су төгілмес жорға-журналисі санайтын Б.Әбдіразақов есімін мерейлене айтыпты.

Деректі әңгіменің дүлдүліне қатысты қызықты бір дерекке назар аударғым келеді. Жетпісінші жылдары меншікті тілшілер арасында өте қысқа хабарға конкурс жариялағанда, жүлделі бірінші орынға Байжігіт ағаның «Теңіз үстіндегі кран» атты елең етерлік хабары иеленіпті. Тағы бір жұрт біле бермейтін құпия ол жас кезінен өлең жазатын көрінеді. Бірақ, жүрегін жарып шыққан жырларын жариялауды қаламағанға ұқсайды. Неге? О жағы беймәлім. Біраз сұрастырдым... Ешкім ештеңе айта алмаған...

Қаламгердің республикалық «Қазақстан», «Қайнар», «Жалын», «Өнер» баспаларынан шыққан кітаптарын атай кетелік. Тұңғыш жинағы «Ерлік еңбек адамдары» қылшылдаған қырық жасында 1968 жылы жарық көрген. Онан кейінгі шығармалары «Жаңару», «Сандалкөк», «Терең тамырлар», «Сырдария тарландары», «Дала толғауы» деп аталады.

2007 жылы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жанашыр-қамқоршысы, белгілі қайраткер Мұхтар Құл-Мұхаммедтің бас-көз болуымен «Фолиант» баспасынан журналист-жазушының екі томдығы оқырмандар қолына тиді. Алғашқы кітапқа «Бірінші секретарь» романы мен әңгімелері енсе, екінші томға оғлан очеркистің елу үш деректі әңгімесі еніпті. Саңлақ суреткердің маңдай терін айғақтар қыруар еңбек, мол мұра. Жалт-жұлт еткен өмірден, ұстараның жүзіндей қылпылдаған ғұмырдан өткенге дейін қаламын баласындай серік етіп, қасиеттеп қастерлеген жомарт жанның жүрек дүрсілін естисің-ау. Әр туындысы тебірентеді, әр дүниесі ойға шомдырады. Оның бәрін тізіп шығу мүмкін де емес. Қаламгер көзқарасы мен жан әлемінен сыр ұқтырар жасын ойлар ұшқындарына зер салыңызшы. Біраз жайға қанығасың...

«Пікір қақтығыстары» аталатын қойын дәптеріндегі ой үзіктері бейжай қалдырмасы даусыз. Сонымен...

«Сөз өнерінде де «халтурщиктер» қаптап жүр. Даңғаза жазармандарды айыра білейік. Олар өздерінше мәз, ал шопандар мен механизаторлардың шырт түкіріп, кітаптарын табанға салып, таптап жүргенін қайдан білсін», «Мен әрбір очерктен кейін шаршап-шалдығып, ауырып қаламын», «Жазар алдында қатты жүрексінемін. Әсіресе алғашқы абзацтар қатты қинайды», «Сын мен өзара сынның бағы тайды. Көшбасшымыз «Правда» «Битая картадан» кейін /12 жыл өтті/ сипай қамшылаумен келеді. Соның ықпалымен басқа газеттер де жасқаншақ болып алды», «Менің білуімше, Мағираш Сарикова – бағы жанбай жүрген талант», «Журналист жазу-сызудан бұрын жөн-жосықты: жүрер жолын, отырар орнын білгені мақұл», «Қазақтың хор капелласына өңшең сұрықсыздар жиналғаны сияқты Алматыдағы кей баспаларға да ылғи дарынсыздар топталыпты», «Мен әкемді керемет жақсы көретінмін. Оның түсіме енбейтін күні жоқ. Ұмытуға болмайтыны, ол мені 75 жасында оқытты ғой. 80 жасында қайтыс болды. Не қызық көрді, не қызық көрсеттім...», «О, опасыз жалған! Екі қолымның біріндей, қос жанарымның сыңарындай, жүрегімнің жартысындай жан досым Ұзақ опат болды деп отыр. Сенейін бе, сенбейін бе?! 28.07.73. Таңғы сағат бес жарым», «Ит өмір! Менің жан досым Ұзақ қыршыннан қиылып жатқанда, біреулер оның орнына таласып итше ырылдасып жатыр...» т.б.

Әр жылдары таңбаланған сезім жарқылдары... Күлесің. Күңіренесің. Егілесің... Қилы-қилы күй кештіреді...

Кешеден жеткен өшпейтін, өлмейтін сөз.

Төл газетінен тоғыз жас кіші Байекең осыдан ширек ғасыр бұрын бауыр басқан «Егеменінен» зейнеткерлікке абыроймен шыққан-ды. Содан бері толқынға толқын ұласып, талай буын алмасқан. Кейінгі лек ардақты ағаны жыға білмеуі мүмкін. Бұл – заңдылық. Ешкімді де жазғыра алмаймыз. Әйтсе де...

Иә, сөз балқытқан қаламгер есімі де ұмытылмай жаңғыра бермек.

---

**Сурет Ж.КӘКЕННІҢ фотоальбомынан алынды.**